

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысына материалдар  
2013 жылдың 16 сәуірі

2013 жылғы 11 наурызда болған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (Бұдан әрі – АКЖЖ) Қоғам Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) 2013 жылғы 11 наурыздағы шешіміне сәйкес жүргізіледі. АКЖЖ Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша 2013 жылдың 16 сәуіріне шақырылды. АКЖЖ-ның мынадай күн тәртібі белгіленді:

1. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу

Қоғам Жарғысының 10.16 бабына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы құлақтандыру 2013 жылы 16 наурызында «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды.

## 1. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы

Қоғам акционерлерінің 2010 жылдың 26 наурызында болған кезектен тыс жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Директорлар кеңесінің жұмыс істеп тұрған құрамының өкілеттігі мерзімі 3 жылға, яғни 2013 жылдың 25 наурызын қоса алғандағы мерзімге белгіленген болатын.

АКЖЖ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 11 наурыздағы шешімі бойынша өткізіледі. АКЖЖ өткізу туралы құлақтандыру 2013 жылы 16 наурызында «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің 2007 жылғы 30 қазандағы жалпы жиналысымен бекітілген) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлер құлақтандырылған күннен бастап 15 (он бес) күннің ішінде Директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы ұсыныс енгізе алады. Көрсетілген мерзімдерде Қоғамның ірі акционері, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) бір ұсынысы келіп түсті. Директорлар кеңесіне сайлауға мына кандидатуралар ұсынылды:

1. Киинов Ләззат Кетебайұлы - ҚМГ ҰК өкілі
2. Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы –«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
3. Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - ҚМГ ҰК өкілі
4. Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлы – Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы)
5. Дэйер Филипп – тәуелсіз директор
6. Уолш Эдвард Томас – тәуелсіз директор

Жоғарыда көрсетілген кандидаттар туралы ақпарат қоса беріліп отыр. Эдвард Уолш мырза 2006 жылдан бастап, Филипп Дейер мырза – 2010 жылдың мамырынан бастап Қоғамның тәуелсіз директорлары болып табылады. Пол Мандука мырза өзінің басқа ұйымының директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалуы себепті 2012 жылдың 1 қазанынан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі және тәуелсіз директор өкілеттігін өзінен алуға шешім қабылдады.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жатады.

Қоғам Жарғысының 10.51 бабына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде дауыс беру кумулятивтік дауыс беру тәсілімен жүзеге

асырылады. Әр акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидат үшін дауыс беруге немесе оны бірнеше Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың арасында бөлуге құқылы.

Коммулятивтік дауыс беру дауыс беруге қатысушы әр акцияға Қоғам органының сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны келетін дауыс беру тәсілі ретіндегі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен айқындалады. Осылайша, Қоғамның әр акционерінің дауыс саны оған тиесілі қарапайым акциялардың санын Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің санына – алтыға бөлумен тең.

Неғұрлым көп дауыс алған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер екі немесе одан көп Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидат бірдей дауыс жинаса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

Жаңа Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімін бір жылға белгілеу ұсынылады. Аталған мәселе бойынша шешім Қоғамның дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен (Жарғының 11.2 бабына сәйкес) қабылданады.

Осылайша, акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

1. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 2) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 3) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 4) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған кандидат);
- 5) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған тәуелсіздік директорлыққа кандидат) – тәуелсіз директор;
- 6) (кумулятивтік дауыс берудің нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс жинаған тәуелсіздік директорлыққа кандидат) – тәуелсіз директор.

2. Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі бір жылға белгіленсін.

## 2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның ішінде тәуелсіз директорларға сыйақылар төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу де жатады. Акционерлердің жалпы жиналысына сыйақылар пакетін 2010 жылдың 25 мамырында акционерлердің жалпы жиналысы белгілеген түрде сақтау ұсынылады.

Осылайша, акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:
  - 1) Жылдық сыйақы – жылына 150 мың АҚШ доллары
  - 2) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу (бір мәжіліс үшін):
    - Тікелей қатысу – 10 мың АҚШ доллары
    - Телефон немесе бейнебайланыс арқылы қатысу – бір мәжіліс үшін 5 мың АҚШ доллары.
  - 3) Директорлар кеңесінің комитетінде төрағалық ету (жылына):
    - Аудит жөніндегі комитет – 25 мың АҚШ доллары
    - Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары
    - Сыйақылар жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары.
  - 4) Тәуелсіз директорлардың мәжілісі – бір мәжіліс үшін 2,5 мың АҚШ доллары.
2. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған талаптарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

### *Шешімдердің аяқталуы*

Неғұрлым егжей-тегжейлі ақпараттарды Сіздер Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 1207 кабинет мекен-жайы бойынша «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы офисінде 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап жұмыс күндері 9 сағат 00 минуттан 18 сағат 30 минутқа дейін, сондай-ақ Қоғамның [www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz) веб-сайтында алуларыңызға болады.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам)  
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Киинов Ләззат Кетебайұлы
- 2) Кандидатты ұсынушы акционердің атауы:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:  
0 (2012 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
«Геология және мұнай және газ кен орындарын барлау», Қазақ  
политехникалық институты (1971 жыл)  
Техника ғылымдарының докторы, халықаралық инженерлік  
академияның академигі
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:  
Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның аффилиирлендірілген  
тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен  
атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды  
тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
2011 жылдың желтоқсанынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының  
төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі  
2010 жылдың сәуірінен бастап Қазақстан Республикасының Мұнай және газ  
вице-министрі  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атқарушы директоры - 2008-2009 жылдар.  
2003 жылдың наурызынан бастап Қазақстан Республикасының Энергетика  
және минералдық ресурстар вице-министрі  
2012 жылдың ақпанынан бастап Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі,  
2012 жылдың наурызынан бастап Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және  
қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:  
Қоғамға қатысы аффилиирленген тұлға болып табылады.

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет

Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет

Келісті

Қосымша  
Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелігіне  
кандидат туралы ақпарат

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам)  
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Бимағамбетов Тимур Мұстахиұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:  
0 (2012 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
Қазақ политехникалық институты (1973-1978 жылдар)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:  
Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның аффилиирлендірілген  
тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен  
атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды  
тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
2012 жылдың 20 ақпанына бастап осы уақытқа дейін «ҚазМұнайГаз»  
ҰК АҚ Басқармасы Төрағасының өндіру және техникалық даму  
жөніндегі орынбасары  
«Н Оперейтинг Компани» ЖШС-ның Бас директоры – 2009 жыл  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атқарушы директоры - 2008-2009 жылдар.

2012 жылдың ақпанынан бастап осы уақытқа дейін  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, 2012 жылдың  
қарашасынан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» директорлар кеңесінің  
төрағасы

2012 жылдың сәуірінен бастап осы уақытқа дейін «ҚазМұнайТеңіз»  
Теңіз мұнай компаниясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы

2012 жылдың сәуірінен бастап осы уақытқа дейін «Қазақойл Ақтөбе»  
ЖШС байқау кеңесінің төрағасы

2012 жылдың наурызынан бастап осы уақытқа дейін  
«Ақтаунефнетесервис» ЖШС байқау кеңесінің төрағасы

7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:

Қоғамға қатысы аффилиирленген тұлға болып табылады.

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет

Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет

Келісті



«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар  
кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Сырғабекова Әсия Нарыманқызы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:  
12190 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31  
желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: экономист (1982  
жыл)  
Мәскеудің қаржы институты: экономика ғылымдарының кандидаты  
(1987 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:  
Аффилиирлендірілген тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен  
атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды  
тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы  
директоры 2009 жылдың маусымынан бастап  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының  
Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры– 2009  
жылдың қаңтары - маусымы  
«ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының  
бірінші орынбасары – 2008 жылдың қаңтары – 2009 жылдың қаңтары  
«ҚазРосГаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директорының  
экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары – 2007 жылдың  
қарашасы – 2008 жылдың қаңтары

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – 2006 жылдың маусымы – 2007 жылдың қарашасы  
Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі – 2006 жылдың шілдесі – 2008 жылдың қаңтары  
«ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесі

7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:

Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылады.

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет

Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет

Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар  
кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:  
0 (2012 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
Тау-кен инженері, Қазақ политехникалық институты (1981-1986  
жылдар)  
Экономист, Қызылорда мемлекеттік университеті (2003 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:  
Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның аффилиирлендірілген  
тұлғаларының лауазымды тұлғасы болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен  
атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды  
тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
2013 жылдың ұаңтарынан бастап Қоғамның Бас директоры, Басқарма  
төрағасы  
2012 жылдың қаңтары – 2013 жылдың қаңтары Қоғам Бас  
директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, Қоғам Басқармасының  
мүшесі  
2009 жылдың қарашасы – 2012 жылдың қаңтары – Техникалық  
директор  
2012 жылдың қыркүйегінен бастап «Ембімұнайгаз» акционерлік  
қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы  
2012 жылдың маусымынан бастап «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің төрағасы

7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:

Қоғамға қатысы бойынша аффилиирленген тұлға болып табылады.

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет

Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет

Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар  
кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:  
Филипп Дэйер (Dayer)
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:  
0 (2012 жылдың 31 желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
Юриспруденция бакалавры, Кингс Колледж (1973 жыл)  
Алқа бухгалтерлері институтының ассоциацияланған мүшесі (1996 жыл)  
Алқа бухгалтерлері институтының толық мүшесі (1982 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:  
Қоғамның тәуелсіз директоры
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
2010 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қоғамның тәуелсіз директоры  
2009 жылдан бастап осы уақытқа дейін Navigators Underwriting Agency PLC тәуелсіз атқарушы емес директоры  
2008 жылдан бастап осы уақытқа дейін AVEVA Group PLC тәуелсіз атқарушы емес директоры  
2008 жылдан бастап осы уақытқа дейін Cadogan Petroleum PLC тәуелсіз атқарушы емес директоры және аудит және сыйақылар жөніндегі комитеттердің төрағасы  
2006 жылдан бастап осы уақытқа дейін Dana Petroleum PLC тәуелсіз атқарушы емес директоры аудит жөніндегі комитеттің төрағасы  
2005 жылдан бастап осы уақытқа дейін IP Plus PLC төрағасы  
2004 жылдан бастап осы уақытқа дейін Arden Partners PLC аға тәуелсіз атқарушы емес директоры

7) Кандидаттың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:

Жоқ

8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы туралы мәлімет

Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет

Келісті

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (Қоғам) Директорлар  
кеңесіне кандидат туралы ақпарат

- 1) Тегі, аты:  
Эдвард Томас Уолш (Edward Thomas Walshe)
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы  
(ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:  
6828 ауқымды депозитарлық қолхаттар (2009 жылдың 31  
желтоқсанына)
- 4) Білімі туралы мәлімет:  
Қатқыл дененің химиясы жөніндегі философия докторы  
Гарвард университетінің менеджменттегі біліктілікті жоғарлату  
бағдарламасы (1990 жыл)
- 5) Қоғамға аффилиирленуі туралы мәлімет:  
Қоғамның лауазымды тұлғасы (тәуелсіз директор) болып табылады
- 6) Кандидат соңғы үш жылда жұмыс істеген жұмыс орындары мен  
атқарған лауазымдары, сондай-ақ кандидаттың соңғы бес жылда заңды  
тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:  
Қоғамның тәуелсіз директоры - 2006 жылдан бастап  
Bateman-Litwin BV тәуелсіз атқарушы емес директоры 2006-2009  
жылдары  
Eddie Walshe Consulting Ltd басшысы - 2002 жылдан бастап 2010 жылға  
дейін
- 7) Кандидатың Қоғамның аффилиирлендірілген тұлғаларымен және  
қарсы агенттерімен қатынасы туралы мәлімет:  
Жоқ
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған  
сотталғандығы туралы мәлімет  
Жоқ

9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісетіндігі туралы мәлімет  
Келісті